

ӘОЖ 338.436.33

Казамбаева А. М., экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, ғылыми жетекші,
Рысқалиев А. К., магистрант

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация

Мақалада Батыс Қазақстан облысының ауылшаруашылығы өндірісі көрсеткіштері талданған, соның ішінде Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығының жалпы өнім, сонымен қатар өсімдік шаруашылығы бойынша өндірілген жалпы өнім динамикасы талданған.

Түйін сөздер: өндіріс, ауылшаруашылығы, жалпы өнім, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы.


Батыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының батыс бөлігінде жайық өзенінің орта ағысында орналасқан. Ол солтүстігінде Ресей елінің Орынбор, Куйбышев, Саратов, батысында Волгаград, оңтүстік – батысында Астрахань облыстарымен шектесіп жатыр. Жері 151.2 мың шаршы км, солтүстіктен оңтүстікке дейін 425 км, шығыстан батысқа дейін 585 км созылып жатыр. Негізгі транспорт жолдары ол темір жол мен автомагистрал.

Облыстың топырақтық-климаттық жағдайын ауыл шаруашылық жерлерін пайдалану ерекшелігін және шаруашылықтардың мамандану бағыттарын ескере отырып облыс территориясын үш табиғи-экономикалық зонаға бөлінеді. Бірінші зона далалықегін – мал шаруашылығы, екінші – құрғақ далалық мал-егін шаруашылығы, үшінші – жартылай шөлді мал шаруашылығы.

Облыстың аграрлық секторында ауыл шаруашылық кәсіпорындарын реформалау және алқаптарды оңтайландыруға байланысты, ауыл шаруашылық айналымынан өнімділігі төмен және сортаң жерлерді шығарудың нәтижесінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерл ер кеміген, ол негізінен ауылшаруашылық жерлерін сумен қамтамасыз ету дәрежесіне байланысты.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 2016 жылы 60 %-ға өсіп, 84574,5 млн. теңгені құрады. Сәйкесінше, өсімдік шаруашылығы өнімі өндірісінің көлемі 87%-ға өсті, мал шаруашылығы – 44%-ға өсті (1 сурет). Бұл біздің ауыл тұрғындары еңбектерінің және ауқымды мемлекеттік қолдаудың нәтижесі.

Республикалық бюджеттің есебіне мал дәрігерлік, карантиндық, қорғау шаралары, сорттықсынау және тұқымның сорттық және егістік сапасына сараптама, халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне кәсіпорындардың сертификатқа шығындарын субсидиялау жүргізілді.



1 сурет – Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі, млн. тенге

Республикалық бюджеттің нысаналы трансферттері бойынша 925,64 млн. теңгеге дизельдік отынының бағасын арзандату, ауыл шаруашылығы өндірушілеріне су жеткізу қызметін субсидиялау, элиталық тұқым шаруашылығын, көп жылдық жеміс-жидек ағатарын отырғызу және оларды өсіру, асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау және мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын өсіру жүргізілді.

Ауыл шаруашылығы салаларын дамытуға облыстық бюджеттен тұқым шаруашылығының және мал шаруашылығының дамуын қолдауға 180,1 млн. теңге бөлінді.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға айтарлықтай қаражат АӨК мамандандырылған ұйымдары арқылы бөлінеді.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы – 484,7 мың га құрап отыр, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 24,8 мың га немесе 4,9% кем (509,5 мың га).

Ылғал қорын үнемдеу технологиясы 249 мың га немесе жалпы дәнді дақылдар алқабының 96,4%-ына қолданылды. 335 га тамшылатып суару жүйесі қолданылуда.

Мал азығын дайындау 2016-2017 жылдарғы мал қыстағына шөпке қажеттілігі 1209 мың тоннаны құрайды. Аудандардың мәліметі бойынша 2016 жылдың 1 қазанына 1280 мың тонна шөп дайындалды, бұл қажеттіліктің 105,9% құрайды.

1 кесте – Батыс Қазақстан облысының өсімдік шаруашылығы бойынша өндірілген жалпы өнім динамикасы, млн. тенге

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2016ж/2012ж % - бен
Өсімдік шаруашылығы бойынша өндірілген жалпы өнім	18 369,1	39 686,4	26 671,4	31 119,6	34370,6	187,1
Дәнді дақылдар	1 618,8	11 992,2	3 309,7	6 444,9	7134,9	4 есе
Майлы өнім дақылдары	288,9	396,8	274,0	856,9	567,4	196,4
Картоп	2 508,2	3 899,0	3 179,7	3 674,6	3406,3	135,8
Көкініс және бау-бақшы дақылдары	2 743,3	3 559,3	4 088,5	4 568,5	5667,5	2 есе
Мал азығы дақылдары	11 034,7	18 975,2	15 088,5	15 459,2	17605,2	159,5
Көп жылдық дақылдары	175,2	239,8	335,8	368,5	420,4	2 есе


Майлы дақылдар, картоп, көкөніс және бақша дақылдары өндірісінде де жақсы нәтижелерге қол жеткізілді. 17,1 мың томың тенгенна майлы тұқым жиналды немесе 2012 жылға қарағанда 3 есеге артты.

Бақша дақылдары 2004 га алқапқа отырғызылды, оның 98 га есептен шығарылды. Жиналатын 1906 га алқаптан 27,2 мың тонна (25,5 мың тонна) бақша өнімі алынды.

Алынған өнімдерді сақтау үшін облыста жалпы сыйымдылығы 35,2 мың тоннаны құрайтын 48 көкөніс сақтау қоймасы бар. Күзгі далалық және егін ору жұмыстарына шартты бекітілген кестеге сәйкес 14 мың тонна дизель отыны бөлінді. Маусым-қыркүйек айларына бөлінген 10,5 мың тонна көлеміндегі дизель отынының ақшасы төленіп, әкелінді. Дизель отынын жоспарға сай алу жұмыстары жүріп жатыр.

2016 жылдың 1 қазанына мүйізді ірі қара 506,0 мың басты былтырғы жылдың сәйкесті кезеңіне 106,6%, соның ішінде сиыр саны 216,9 мың басты (107,8%), қой - 1100,1 мың бас (108,2%), ешкі - 229,8 мың бас (107,4%), жылқы - 136,4 мың бас (114,2%), шошқа – 27,6 мың бас (101,4%), түйе - 2,8 мың бас (91,5%) және құс - 883,4 мың бас (92,2%) құрап отыр.

2016 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында тірілей салмақта 53,5 мың тонна мал және құс еті өндіріліп, 2015 жылмен салыстырғанда 105,0%-ды құрады. Барлық шаруашылықтар бойынша 187,6 мың тонна (98,3%) сүт өндіріліп, 114,4 млн. дана (95,2%) тауық жұмыртқасы өндірілді.



2 сурет – Батыс Қазақстан облысының мал шаруашылығы бойынша негізгі өнімдер өндірісі

Батыс Қазақстан облысында ет өндірісі тұрақты жалғысып келеді, себебі соңғы бес жылда ет өндірісі көлемі тұрақты қалып отыр, сүт өндірісінде азда болса төмендеу байқалады 2016 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 6 пайызға кеміген. Ал жұмыртқа өндірісін өсу байлады, ол 2016 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 19 пайызға өскен.

Барлық мал басына асыл тұқымды мал санының үлесі ірі қара малы бойынша 5,0%, қой – 2,3%, жылқы – 5,2% және түйе - 10,4% құрап отыр.

2012-2016 жылдарға арналған «Ірі қара малы етінің экспорттық әлеуетін дамыту жобасы» аясында облысымызға 5,3 мың тонна ет экспорттау жоспары тапсырылды.

Облыс бойынша 2016 жылғы жоспар бойынша 2200 тонна сиыр етін экспорттау жоспарланса, ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша облыс 1021,5 тонна ет және

ет өнімдерін экспортқа шығарды, соның ішінде 283,2 тоннасы ІҚМ еті, 738,3 тоннасы ет өнімдері.

Ағымдағы жылы Сыбаға» бағдарламасы бойынша 54 шаруашылық 666,7 млн. теңге несиелі алып, 3395 бас аналық және 150 бас аталық бұқа сатып алды.

«Құлан» бағдарламасы арқылы облысымыздың шаруашылықтары үстіміздегі жылы 794,8 млн. теңге несиелі алып, 2478 бас жылқы сатып алынып отыр.

Биыл «Алтын асық» бағдарламасы арқылы 174,5 млн. теңгеге 6316 бас қой сатып алынып отыр.

Ақжайық ауданында «Батыс Марка Ламб» ЖШС-і жобалық құны 2,3 млрд. теңге, қуаттылығы тәулігіне 1400 бас бағланнның етін вакуумды орамада ірі кесекті және блокты түрде өндіретін етті қайта өңдеу кешені жобасын іске қосып, сынақ тәртібінде жұмыс жасауда.

Батыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешенін жетілдіру үшін келесідей ұсыныстар береміз:

- Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдауын арттырудың бар резервтерін қажетті тауар-материалдық ресурстарды арзандату бағдарламаларына жіберу, агробизнесінің ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту;

- Материалдық-техникалық жаратандыруды арттыру мақсатында агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерін кредиттеу кезінде пайыздық ставкаларды субсидиялау;

- Қазақстанның азық-түліктің әлемдік нарықтарына отандық өнімді маңызды жеткізуші ретіндегі ұстанымдылығын тікелей қолдау шараларын бағыттау;

- Агроөнеркәсіптік кешен саласында техникалық реттеу саласында халықаралық талаптарға сәйкес нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу және құру;

- Батыс Қазақстан облысында мал шаруашылығы өндірісін одан әрі дамыту үшін осы бағыттағы кластер құру және оны жетілдіру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Казамбаева А.М. Ауыл шаруашылығы саласын жетілдірудегі жаңа стратегиялық бағыттар // Ғылым және білім журналы. – 2009. – №2.

2 Кайгородцев А.А. Экономическая и продовольственная безопасность Казахстана (вопросы теории, методологии, практики). Научная монография /А.А. Кайгородцев. – Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2010.

3 Хорохорин А. О проблемах функционирования АПК и путях их решения // Экономист, № 9, 2007.

4 Ауылшаруашылық дақылдарының жалпы өнімі [Текст]: статистикалық жинақ // Валовой сбор сельскохозяйственных культур: статистический бюллетень. –Орал: 2016. – 100 с.

РЕЗЮМЕ

В статье проанализированы показатели сельскохозяйственного производства в Западно-Казахстанской области, в том числе динамика валовой продукции сельского хозяйства области, а также объемы и структура продукции растениеводства.

Ключевые слова: производство, сельское хозяйство, валовая продукция, растениеводство, животноводство.

RESUME

The article analyzes the indicators of agricultural production in the West Kazakhstan region, including the dynamics of gross agricultural production in the region, as well as the volume and structure of crop production.

Key words: production, agriculture, gross output, crop production, livestock.